

**«Тау-кен ісі»
кәсіби стандарты**

1. Жалпы ережелер

1. Кәсіби стандарт мыналарға:
кәсіби қызметтің мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу,
еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сай келетін біліктілік
талаптарын жаңартуға;

персоналды басқару саласындағы міндеттердің ауқымды көлемін шешуге;
білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқыту
бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды
әзірлеуге;

мамандардың кәсіптік даярлығын бағалауға және біліктілікке сәйкестігін
растауға арналған.

2. Кәсіби стандарттардың негізгі пайдаланушылары:
білім беру ұйымдарының түлектері, жұмыскерлер;
ұйымдардың басшылары мен жұмыскерлері, ұйымдардың персоналды
басқару бөлімшелерінің басшылары мен жұмыскерлері;
білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау және біліктілікке сәйкестігін
растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. Кәсіби стандарт негізінде қызметтің функциональдық моделіне,
лауазымдарға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға, аттестаттауға, еңбекті
ынталандыру жүйесіне тағы басқаларға арналған ұйымдардың ішкі,
корпоративтік стандарттары әзірленуі мүмкін.

4. Осы кәсіби стандартта мынадай терминдер мен анықтамалар
қолданылады:

1) біліктілік жұмыскерлердің еңбек қызметінің белгілі бір шеңберінде
нақты функцияларды сапалы орындауға дайын болуы;

2) біліктілік деңгейі – жұмыскерлердің еңбек әрекеттері күрделілігі,
стандартты болмауы, жауапкершілік және дербестік өлшемдері бойынша
сараланатын құзыреттеріне қойылатын талаптар жиынтығы.

3) еңбек нысанасы – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім
жасау мақсатында жұмыскерлердің әрекеті бағытталған нысана;

4) еңбек құралдары – бастапқы жағдайдан өнімге түрлендіру үшін
жұмыскер пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының және құзыреттерді орындау үшін қажетті тұтастай жиыны арқылы қалыптасқан кәсіптік қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – еңбек үдерісінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар жиыны;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы ықпалдасу негізі бар (ұқсас немесе жақын мақсаттар, объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және орындау үшін еңбек функциялары мен құзыреттерінің ұқсас жиынтығын меңзейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілігінің деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің осы түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функцияларының толық сипаттамасын қамтитын құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білімдер мен арнайы даярлық, жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынған практикалық дағдылардың кешені болуын талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзырет – еңбек қызметінде білімді, білік пен тәжірибені қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдық-әкімшілік сатысы жүйесіндегі функциональдық орын;

13) міндет – еңбек функцияларын іске асырумен және еңбектің нақты заттары мен құралдарын пайдалануға байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс жасайтындардың кәсіби дағдыларының жиыны тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

17) функциональдық карта – кәсіптік қызметтің қандай да бір саласы шеңберінде қызметтің белгілі бір түрін орындайтын жұмыскердің еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

5. Осы кәсіби стандартта мынадай қысқартулар пайдаланылады:

КҚ – кәсіби қызмет;

ҚТ – қызмет түрі;

КС – кәсіби стандарт;

ҰБШ – ұлттық біліктілік шеңбері;

СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.

2. Кәсіби стандарт паспорты

6. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Тау-кен өндіруші өнеркәсібі және карьерлерді игеру.

7. Экономикалық қызметтің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: қатты пайдалы қазбалар кенорындарын барлау және бағалау кезінде тау-кен-барлау қазбаларын жүргізу.

Кәсіби стандарт «Тау-кен ісі» кәсіби қызметі саласындағы мазмұнға, сапасына, еңбек шартына, қызметкерлердің біліктіліктері мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

8. Қызметтің, кәсіптердің түрлері, біліктілік деңгейлері Кәсіби стандартқа 1-қосымшада айқындалған.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және аталған саланың мынадай кәсіптеріне жатады:

геолог;
 маркшейдер;
 диспетчер;
 тау-кен инженері;
 тау-кен жұмысшысы;
 жарушы.

3. Еңбек қызмет түрлерінің карточкасы (кәсіп)

1-параграф. Геолог

9. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 4-5

10. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: техник-геолог, техник-гидрогеолог.

11. «Геолог» кәсібі субъектінің негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуін және орындай алуын міндеттейді: пайдалы қазбаларды болжау, іздеу, барлау және өндіру кезінде геологиялық зерттеулерді ұйымдастыру (жоспарлау және басшылық) және жүргізу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

12. Геологтың еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

13. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Кәсіби стандарттың бірліктері мен геологтың орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

15. Геологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 2-қосымшаның 5 және 6-кестелерінде көрсетілген.

2-параграф. Маркшейдер

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4

17. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: маркшейдер.

18. «Маркшейдер» кәсібі субъектінің негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуін және орындай алуын міндеттейді: тау-кен және геологиялық жұмыстарды қамтамасыз ету үшін жер қойнауында және жердің үстіңгі бетінде кеңістіктік-геометриялық өлшемдерді орындау.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

19. Маркшейдердің еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

20. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

21. Кәсіби стандарттың бірліктері мен маркшейдер орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

22. Маркшейдердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандарттың 5,6 және 7-кестелерінде көрсетілген.

3-параграф. Диспетчер

23. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4.

24. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: диспетчер.

25. «Диспетчер» кәсібі субъектінің негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуін және орындай алуын міндеттейді: тау-кен-барлау жұмыстары өндірісінің барысын жедел реттеу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 1-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

26. Диспетчердің еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

27. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

28. Кәсіби стандарттың бірліктері мен диспетчер орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

29. Диспетчердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 4-қосымшаның 5-кестесінде көрсетілген.

4-параграф Тау-кен инженері

30. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4-7.

31. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: тау-кен инженері.

32. «Тау-кен инженері» субъектінің негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуін және орындай алуын міндеттейді: тау-кен өндірісінің түрлі техникалық-технологиялық міндеттерін шешу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби 5-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

33. Тау-кен инженерінің еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

34. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

35. Кәсіби стандарттың бірліктері мен тау-кен инженері орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

36. Тау-кен инженерінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 5-қосымшаның 5, 6, 7 және 8-кестелерінде көрсетілген.

5-параграф Жер асты тау-кен жұмысшысы

30. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 1-4.

31. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: жер асты тау-кен жұмысшысы; тазарту забойының тау-кен жұмысшысы, тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі тау-кен жұмысшысы; өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы; лампышы.

32. «Жер асты тау-кен жұмысшысы» кәсібі субъектінің негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуін және орындай алуын міндеттейді: тау-кен өндірісінің қосымша операциялары.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

33. Жер асты тау-кен жұмысшысының еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

34. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

35. Кәсіби стандарттың бірліктері мен жерасты тау-кен жұмысшысы орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

36. Жерасты тау-кен жұмысшысының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 6-қосымшаның 5, 6, 7 және 8-кестелерінде көрсетілген.

6-параграф. Жарушы

30. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

31. Лауазымдардың мүмкін болатын атаулары: жарушы.

32. «Жарушы» кәсібі субъектінің негізгі функцияларды іске асырумен байланысты міндеттерді білуін және орындай алуын міндеттейді: жару жұмыстарын дайындау және жүргізу.

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы кәсіби стандартқа 7-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген.

33. Жарушының еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 7-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

34. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

35. Кәсіби стандарттың бірліктері мен жарушы орындайтын еңбек функцияларын сипаттайтын функциональдық карта осы кәсіби стандартқа 7-қосымшаның 4-кестесінде көрсетілген.

36. Жарушының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы кәсіби стандартқа 7-қосымшаның 5, 6 және 7-кестелерінде көрсетілген.

4. Осы кәсіби стандарт негізінде берілетін сертификаттар түрлері

5. Кәсіби стандартты әзірлеушілер

«Тау-кен өндіру және тау-кен-металлургиялық кәсіпорындар республикалық қауымдастығы» ЗТБ

6. Келісу парағы

Ұйымның атауы	Келіскен күні
Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту және кадрларды даярлау жөніндегі салалық кеңесі	

7. Сараптама және кәсіби стандартты тіркеу

Осы кәсіби стандарт _____

тіркелді.

Кәсіби стандарттар тізіліміне тіркеу № _____
болып енгізілді.

Хат (хаттама) № _____

Күні

«Тау-кен ісі»
кәсіби стандартына
1-қосымша

Қызметтің, кәсіптердің түрлері, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрінің атауы	Еңбек нарығының процестерін есепке алғандағы кәсіптер атауы	ҚР МЖ 05-2008 мемлекеттік кәсіптердің жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы	ҰБШ біліктілік деңгейі
1	Пайдалы қазбаларды болжау, іздеу, барлау және өндіру кезінде геологиялық зерттеулерді ұйымдастыру (жоспарлау және басшылық) және жүргізу	Геолог	3111 Техник-геолог 3111 Техник-гидрогеолог	4-5
2.	Тау-кен және геологиялық жұмыстарды қамтамасыз ету үшін жер қойнауында және жердің үстіңгі бетінде кеңістіктік-геометриялық өлшемдерді орындау	Маркшейдер		2-4
3	Тау-кен-барлау жұмыстары өндірісінің барысын жедел реттеу	Диспетчер	120102 3 Автомобиль көлігінің диспетчері; 120501 3 Қозғалыс бойынша диспетчер (ұшақтар)	4
4	Тау-кен өндірісінің түрлі техникалық-технологиялық міндеттерін шешу	Тау-кен инженері		4-7
5	Тау-кен өндірісінің қосымша операциялары	Тау-кен жұмысшысы	7111 Жерасты тау-кен жұмысшысы; 7111 Тазарту забойының тау-кен жұмысшысы; 7111 Тау-кен қазбаларын жөндеу жөніндегі тау-кен жұмысшысы; 7111 Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі кен жұмысшысы; 9311 Лампышы;	1-4

6	Жару жұмыстарын дайындау және жүргізу	Жарушы		2-4
---	---------------------------------------	--------	--	-----

«Тау-кен ісі»
кәсіби стандартына
2-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші	
Базалық топ	2114 Геология саласындағы мамандар; 3111 Химиялық және физикалық ғылыми зерттеулерді және оларды практикалық қолдану саласындағы техниктер
Қазақстан Республикасы жұмысшыларының жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)	
БТБА шығарылымы, бөлімі	05-шығарылым. «Геологиялық-барлау және топографиялық – геодезиялық жұмыстар» бөлімі
БТБА бойынша кәсіп	-
ҰБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
4	-
5	-

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Экономиканың түрлі салалары үшін пайдалы қазбалар бойынша қызметтерді көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар (мұнай-газ, тау-кен өндіруші, инженерлік құрылыстарды салу, экология және т.б.)	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес өте зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптердің №1 және 2 тізімдеріне кіреді	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	<p>ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кіріспе нұсқама – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша; - кезеңділігі – жартыжылда бір рет. 	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіптік беру (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе.	3 деңгейге 1 жыл
5	Техникалық және кәсіптік білім беру (орта буын маманы), орта білім беруден кейінгі білім беру, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім беру.	4 деңгейде 1 жыл

3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптердің еңбек функциялары)

№ еңбек функциялары	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
1	Тау-кен геологиялық зерттеулерді жүргізу үшін материалдар мен жабдықтарды дайындау
2	Пайдалы қазбаларды өндірудің тау-кен геологиялық шарттарын зерттеу
3	Тау-кен геологиялық зерттеулерді талдау, өңдеу, түсіндіру және ресімдеу

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функциональдық карта)

№ еңбек функциялары	Еңбек нысанасы	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-қимылы)
1	Геологиялық материалдар, керек-жарақтар, техника мен жабдықтар	Алға қойылған геологиялық міндеттерді есепке ала отырып, материалдарды, керек-жарақтарды, техникалар мен жабдықтарды дайындау қағидалары және нұсқаулықтары	1-1) Алынған тапсырмаға сәйкес геологиялық материалдарды, керек-жарақтарды, техникалар мен жабдықтарды дайындау процестерін ұйымдастыру және басқару
			1-2) Геологиялық зерттеулер жүргізу үшін материалдардың, керек-жарақтардың, техникалар мен жабдықтардың түрлерін және типтерін айқындау
2	Тау жыныстары және минералдар	Тау-кен геологиялық зерттеулердің әдістемесі мен техникасы	2-1) Бастапқы геологиялық материалды ала отырып, тау-кен геологиялық зерттеулер мен жұмыстарды жүргізу
			2-2) Зерттеулердің жекелеген түрлері бойынша тау-кен геологиялық жұмыстардың әдістемесін және техникасын әзірлеу.
3	Бастапқы геологиялық материал	Тау-кен геологиялық зерттеулердің нәтижелерін өңдеу мен түсіндірудің әдістемесі және техникасы	3-1) Бастапқы геологиялық материалды алдын ала өңдеу және талдау
			3-2) Қайталама геологиялық материалдарды ала отырып, тау-кен геологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша бастапқы геологиялық материалды өңдеу, талдау және түсіндіру

5-кесте. СБШ 4-ші деңгейдегі геологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
1-1) 2-1) 3-1)	<p>Дербестік: Далалық геологиялық зерттеулерді дайындау және жүргізу кезіндегі атқарушылық-басқару қызметі</p> <p>Жауапкершілік: далалық геологиялық зерттеулерді нәтижелері, далалық жұмыстарды жүргізу кезінде ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚА нормаларын орындау</p> <p>Күрделілік: жұмыс жағдайына өздігінен талдау жүргізуді талап ететін түрлі үлгілік геологиялық міндеттерді шешу.</p>	Алынған геологиялық тапсырманы нақтылайды, қарамағындағыларға міндеттер қояды және далалық геологиялық зерттеулерді дайындау және жүргізу кезінде олардың орындалуын ұйымдастырады	Геология, минералдық шикізат экономикасы және геологиялық-барлау жұмыстары, тау-кен ісі негіздері, зерттелетін жұмыс ауданының геологиясы, тау-кен геологиялық жұмыстардың технологиясы туралы мәлімет. Жер қойнауын геологиялық зерттеу, пайдалану және қорғау саласындағы ҚР Заңнамасы және өзге нормативтік құқықтық актілер, ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚА қағидалары мен нормалары

6-кесте. СБШ 5-ші деңгейдегі геологтың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
1-2) 2-2) 3-2)	<p>Дербестік: Далалық геологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу кезіндегі басқару қызметі</p> <p>Қайталама геологиялық материалдарды ала отырып, геологиялық зерттеулердің жекелеген түрлерін өңдеу нәтижелерін түсіндіру процестерін басқару</p> <p>Жауапкершілік: тау-кен-геологиялық жұмыстың қауіпсіздігі мен нәтижесі үшін</p> <p>Күрделілік: тау-кен-геологиялық жұмыстарды жүргізу әдістемесін және техникасын таңдай</p>	Алға қойылған міндеттерді түсіну, геологиялық жағдайды талдау және геологиялық зерттеулерді жүргізу бойынша басқару шешімдерін қабылдау	Басқару шешімдерін қабылдау үшін зерттеулердің тау-кен-геологиялық әдістері, жүйелі талдау әдіснамасы

«Тау-кен ісі» кәсіби
стандартына 3-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы		
Базалық топ	7111 Пайдалы қазбаларды жерасты және ашық тәсілмен өндіру бойынша тау-кен жұмысшылары және басқа да кәсіптердің жұмысшылары	
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)		
БТБА шығарылымы, бөлімі	04 шығарылым. «Пайдалы қазбаларды жерасты және ашық тәсілмен өндіру бойынша тау-кен жұмысшылары және басқа да кәсіптердің жұмысшылары» бөлімі	
БТБА бойынша кәсіп	Тау-кен жұмысшысы (4-6 р)	Тау-кен жұмысшысы (4-6 р)
ҰБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар	
2	4	3
3	5	4
4	6	5

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Тау-кен өндіруші және мұнай салалары кәсіпорындары, азаматтық және өнеркәсіптік кәсіпорындарды, метрополитендерді, тоннелдерді салу бойынша ұйымдар	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Жерасты тау-кен қазбаларынан өту кезіндегі шу, газдану және шандану, еңбектің қысылтаяң жағдайы	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Өндірістік қауіпсіздік және жер қойнауын қорғау бойынша аттестациядан өту	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
2	Жалпы орта немесе техникалық және кәсіби білім беру. Өндірістегі тікелей кәсіби дайындық немесе кәсіпорын базасындағы қысқа мерзімді курстар, жұмыс орнында оқыту, тәлімгерден нұсқау алу. Техникалық және кәсіби білім беру біліктілігінің белгіленген деңгейі	Жұмыс орнында оқыту кезеңі. Нұсқама.
3	Техникалық және кәсіби білім берудің біліктілігінің белгіленген деңгейі, практикалық жұмыс тәжірибесі	СБШ 2 деңгейінде

	немесе техникалық және кәсіби білім берудің жоғары деңгейі, практикалық жұмыс тәжірибесіз	1 жыл
4	Техникалық және кәсіби білім берудің жоғары деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі немесе практикалық жұмыс тәжірибесі жоқ орта звено маманының біліктілігі.	СБШ 3 деңгейінде 1 жыл

3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі
(кәсіптердің еңбек функциялары)

№ еңбек функциялары	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
1	Бастапқы деректерді дайындау, паспорттарды жасау
2	Тау-кен қазбалардың, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың жобалық параметрлерін заттай енгізу
3	Тау-кен қазбалардың, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың нақты орналасуын түсіру

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функциональдық карта)

№ еңбек функциялары	Еңбек нысанасы	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-қимылы)
1	Кенорындарын өңдеудің техникалық жобалары, қазып алу бірліктерінің паспорты	Компьютерлік бағдарламалар, тасымалдаушылар, Дробышев сызығышы.	1-1) Кенорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, коммуникацияларды салудың техникалық жоспарына сәйкес тау-кен қазбаларының жобалық параметрлерін есептеу
	Көкжиек жоспарлар, өнеркәсіптік алаңдардың жоспарлары, тасымалдау жолдарының және карьерлік жолдардың профилдері	Компьютерлік бағдарламалар, тасымалдаушылар, Дробышев сызығышы.	1-2) Тау-кен қазбалардың нақты ережесінің негізінде есептік параметрлерін түзету
	Паспорттардың үлгілік жобалары	Паспорттарды жасау жөніндегі нұсқаулықтар	1-3) Паспорттарды жасау және келісу (бұрғылау, үңгілеуді жару, экскавациялау, бекіту, үйінді түзу)

2	Құралдар мен аспаптар, арнайы жабдықтар	Тіректі түсірілім желілерінің нүктелері	2-1) Түсірілім желілері нүктесінде аспаптар мен құралдарды орнату және кеңістікке бағдарлану
	Жобалық параметрлердің есептері	Теодолиттер, рулеткалар, кішкене белгілер	2-2) Тау-кен қазбалардың, ғимараттардың, құрылыстардың, инженерлік коммуникациялардың заттай есептік параметрлерін енгізу және оларды маркерлермен, кішкене белгілермен бекіту
3	Құралдар мен аспаптар, арнайы жабдықтар	Тіректі түсірілім желілерінің нүктелері	3-1) Түсірілім желілері нүктесінде аспаптар мен құралдарды орнату және кеңістікке бағдарлану
	Тіректі түсіру желілерінің схемасы, нүкте координаттары	Теодолит, фото-теодолит, тахеометр, нивелир, жарықты алыстан өлшеуіш, рулетка	3-2) Полигометриялық, теодолиттік жүрістердің төсемі, жоғары белгілерді беру
	Ойық еңістерінің жиектері, үйінділердің белдеулері, алаңдардың белгілері немесе берм қауіпсіздігі, бұрғылау ұңғымаларының сағалары, технологиялық жабдықтарды орналастыру, ЛЭП тіреулері, жыныстардың геологиялық байланыстары	Теодолит, фото-теодолит, тахеометр, нивелир	3-3) Тау-кен қазбалары (өтпелі, тазарту қазбалары, ұңғымалардың сағалары, ұңғымалардың иілу бұрыштары, ұңғымалардың тереңдігі, және т.б.), ғимараттар мен құрылыстар, инженерлік коммуникациялар контурларының түсірілімі
	Өлшем журналдары	Толтыруға арналған нысандар, есептер формуласы	4-1) Тахеометриялық, бұрыштық және сызықтық өлшемдердің, технологиялық ниверлеудің өлшем журналдарын ресімдеу
	Өлшем журналдары	Компьютерлік бағдарламалар	4-2) Компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып, өлшем журналдарын ресімдеу (кіріс құжаттарын толтыру, бастапқы деректердегі қателерді түзету).
	Өлшем журналдары	Толтыруға арналған нысандар, есептер формуласы	4-3) Есептерді орындау және тау-кен жұмыстарының іс жүзінде өндірілген көлемінің құжаттарын ресімдеу.
	Маркшейдерлік құжаттама,	Толықтыру және нақтылау	4-4) Графикалық маркшейдерлік құжаттамаларды толықтыру және

	жоспарлар, паспорттар	қағидасы	нақтылау (өнеркәсіп алаңдарының жоспарлары, қазып алу бірліктерінің паспорттары, сынамалау жоспарлары.)
--	-----------------------	----------	---

5-кесте. СБШ 2 деңгейдегі маркшейдердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-1)	Түсірілім желілері нүктесінде құрал мен аспапты орнату және бағдарлау кезіндегі дербестік	Құралдармен және аспаптармен жұмыс, бұрыштық және сызықтық өлшемдердің далалық журналдарын жүргізу	Құралдар мен аспаптарды орнату және белгілеу, оларды пайдалануға беру кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары
3-1)	Түсірілім желілері нүктесінде құрал мен аспапты өздігінен орнату және бағдарлау	Құралдармен және аспаптармен жұмыс, тау-кен қызбалары контурларының сипаттамалық нүктелерін таңдап алу	Тау-кен қазбаларының түсірілімі кезінде маркшейдерлік жұмыстар өндірісі бойынша талаптар, Қауіпсіздік қағидалары.

6-кесте. СБШ 3 деңгейдегі маркшейдердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-1)	Түсірілім желілері нүктесінде құрал мен аспапты орнату және бағдарлау кезіндегі дербестік	Құралдармен және аспаптармен жұмыс, бұрыштық және сызықтық өлшемдердің далалық журналдарын жүргізу	Құралдар мен аспаптарды орнату және белгілеу, оларды пайдалануға беру кезіндегі қауіпсіздік техникасының талаптары
3-1)	Түсірілім желілері нүктесінде құрал мен аспапты өздігінен орнату және бағдарлау	Құралдармен және аспаптармен жұмыс, тау-кен қызбалары контурларының сипаттамалық нүктелерін таңдап алу	Тау-кен қазбаларының түсірілімі кезінде маркшейдерлік жұмыстар өндірісі бойынша талаптар, Қауіпсіздік

			қағидалары.
1-1)	Дәлділігі, дұрыстығы және сапалы ресімдеу жауапкершілігімен жобалық параметрлерді өздігінен есептеу	Техникалық жобаны түсіну және түсіндіру. Тау-кен қазбаларының, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың бұрыштық және сызықтық параметрлерін есептеу. Жобалық параметрлері есептерінің нәтижелерін ресімдеу.	Бірыңғай қауіпсіздік қағидалары, Техникалық жобаларды әзірлеу қағидалары, Маркшейдерлік жұмыстар өндірісі жөніндегі нұсқаулықтар
1-2)	Іс жүзіндегі жағдай негізінде тау-кен қазбаларының параметрлерін өздігінен есептеу және есептердің дұрыстығы үшін жауапкершілік	Жобалық параметрлерді нақты параметрлермен салыстыру, тау-кен қазбалары түйіспелерінің кемшіліктеріне алдын ала есептеу жүргізу. Тау-кен қазбаларының жеткіліктілігі мен сәйкестігін бағалау	Тау-кендік графикалық құжаттамаларды жасау және толықтыру жөніндегі талаптар, нақты параметрлердің жобалық параметрлерден ауытқуларының рұқсат етілетін ауқымы
1-3)	Жауапкершіліктің жоғары деңгейімен паспорттарды өздігінен әзірлеу және келісу кезіндегі тиімді коммуникация	Паспортты әзірлеу және ресімдеу, жауапты қызметтермен келісу	Паспорттың типі және құрылымы, Объектінің ТҚ паспорттау қағидаларының талаптары, объектіні пайдалануға беру бойынша қызмет
3-3)	Тау-кен қазбаларының, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың іс жүзіндегі жағдайының дербес түсірілімі және түсірілімнің толықтығына жауапкершілік	Тау-кен жұмыстарын жүргізу, шахта астындағы ғимараттарды және инженерлік коммуникацияларды салу учаскелеріндегі жағдайды бағалау, түсірілім үшін сипаттамалық нүктелерді таңдап алу, түрлі аспаптармен және құралдармен жұмыс дағдылары	Түсірілімдерді орындау кезінде маркшейдерлік жұмыстар өндірісі жөніндегі талаптар, түсірілімді орындау үшін аспаптар мен құралдарды белгілеу, Қауіпсіздік қағидаларының талаптары
4-1)	Тау-кен қазбаларының, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникация-	Журналдардың үлгілік нысандарын жүргізу, әмбебап кестелермен	Далалық журналдарды өңдеу тәртібі, әр парақ

	лардың іс жүзіндегі жағдайының түсірілім материалдарын өздігінен өңдеу	жұмыс істей білу	бойынша бақылау, есептерге арналған әмбебап кестелер, есептер журналдарының үлгілік нысандары
4-2)	Компьютерлік бағдарламалардың көмегімен журналдарды ресімдеу кезіндегі дербестік	Компьютерлік бағдарламалардың маркашейдерлік жұмыстар өндірісінде қолдану дағдылары	Маркшейдердің АЖО үшін (автоматтандырылған жұмыс орындары) компьютерлік бағдарламалары

6-кесте. СБШ 4-ші деңгейдегі маркашейдердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
2-2)	Есептік параметрлерді заттай шығару кезіндегі дербестілік, оларды жергілікті жерге бекіту және шығарудың нақтылығы үшін жауапкершілік	Есептік параметрлерді заттай шығару және оларды жергілікті жерге бекіту кезіндегі құралдармен және аспаптармен жұмыс дағдылары	Есептік параметрлерді заттай шығару бойынша жұмыс тәртібі, оларды жергілікті жерге бекіту әдістер мен тәсілдері
3-2)	Компьютерлік бағдарламалардың көмегімен журналдарды ресімдеу кезіндегі дербестік	Жүрістердің төсемінің бағыттары бойынша бағалау, құралдармен және аспаптармен жұмыс	Жүрістердің төсемі кезіндегі жұмыс тәртібі, бұрыштық және сызықтық өлшемдерді орындау, далалық өлшем журналдарын жүргізу
4-3)	Іс жүзінде орындалған тау-кен жұмыстарын дербес есептеу, олардың жобалық параметрлерге сәйкес келуін айқындау	Анықтамаларды, есептерді, түсіндірме жазбаларды, есепке алу журналдарын ресімдеу	Анықтамаларды толтыру, есептерді, түсіндірме жазбаларды, есепке алу журналдарын ресімдеу тәртібі
4-4)	Жоспарларға өнеркәсіптік алаңдарды, көкжиек жоспарларын, сынамау жоспарларын, тік бөліністерді, қазбалар тасымалының профилдерін, автожолдарды, тау-кен қазбаларының, ғимараттар мен құрылыстардың, коммуникациялардың іс жүзіндегі жағдайын енгізу	Түсірілім нәтижелері бойынша тау-кендік графикалық құжаттамаларды (жоспарлар, профильдер, бөліністер және т.б.) толықтыру	Қажетті графикалық құжаттамалардың тізбесі, шартты белгілері

	кезіндегі жауапкершілік		
--	-------------------------	--	--

«Тау-кен ісі» кәсіби
стандартына 4-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 мемлекеттік кәсіптер жіктеуішіне сәйкес кәсіптер атауы		
Базалық топ	3146 Диспетчерлер (авиациялықтан басқа);	
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)		
БТБА шығарылымы, бөлімі		
БТБА бойынша кәсіп		
ҰБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар	

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Экономиканың түрлі салалары үшін пайдалы қазбалар бойынша қызметтерді көрсететін кәсіпорындар/ұйымдар (мұнай-газ, тау-кен өндіруші, инженерлік құрылыстарды салу, экология және т.б.)	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес өте зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптердің №1 және 2 тізіміне кіреді	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	<p>ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кіріспе нұсқама – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша; - кезеңділігі – жартыжылда бір рет. 	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіптік беру (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе.	3 деңгейге 1 жыл

3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптердің еңбек функциялары)

№ еңбек функциялары	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
1	Жұмыс орындарын және диспетчерлік жабдықтарды дайындау
2	Өндірістік міндеттерді шешу және олардың өндірістік қызметін үйлестіру кезінде өзара ақпарат алмасу үшін кәсіпорындардың, оның ішінде басқа ұйымдардың бөлімшелерімен жедел байланысты жүзеге асыру
3	Өндірістік процестерді, оның ішінде аварияларды және өндірістің барлық звеносындағы ақауларды толық тіркеу үшін кіріс ақпараттарын жинау, өңдеу және талдау

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функциональдық карта)

№ еңбек функциялары	Еңбек нысанасы	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-қимылы)
1	Диспетчерлік пункт жабдықтары	Телекоммуникациялық және компьютерлік техника	З 1.1: ауысымды (жабдықтарды және диспетчерлік журналды) қабылдау
2	Кәсіпорын бөлімшелерінен ақпарат және хабар алу	Кәсіпорынның өндірістік процесінің схемасы және оның бөлімшелерімен жедел байланыс	1-1) Барлық кәсіпорын бөлімшелерінен ақпарат және хабар алу
			1-2) Кәсіпорын бөлімшелеріне жедел ақпарат беру
			1-3) Өндірістік процестер бойынша кәсіпорын бөлімшелерінің бірыңғай кеңістігін ұйымдастыру
3	Кәсіпорын бөлімшелерінің өндірістік процестерінің жай-күйі туралы ақпарат	Телекоммуникациялық және компьютерлік техника.	3-1) Бөлімшелердің өндірістік процестері туралы ақпаратты толық тіркеу
			3-2) Сынамалаудың диспетчерлік журналын жүргізу
			3-3) Келесі ауысым үшін ақпаратты (диспетчерлік журналды) және жабдықтарды дайындау

5-кесте. СБШ 4-ші деңгейдегі диспетчердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар

№ міндеттер	Тұлғалық және кәсіби құзыреттіліктер	Білігі мен дағдылары	Білімі
<p>1-1) 2-1) 2-2) 2-3) 3-1)</p>	<p>Дербестік: Кәсіпорын бөлімшелерінің өндірістік қызметін үйлестіру кезіндегі атқарушылық-басқару қызметі Жауапкершілік: Кәсіпорын бөлімшесін жедел ақпараттық қамтамасыз ету, оның ішінде ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚА нормаларын Күрделілік: жұмыс жағдайына өздігінен талдау жүргізуді талап ететін бөлімшелердің жұмысын үйлестірудің түрлі үлгілік міндеттерді шешу.</p>	<p>Телекоммуникациялық және компьютерлік техникамен жұмыс істеу</p>	<p>Қажетті бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеруі, ОС Windows 7, MS Office (Word, Excel, Outlook) компьютерін сенімді пайдаланушы болуы тиіс. ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚА қағидалары. – Еңбек мәдениетінің және іскерлік қарым-қатынас этикасының болуы. Кәсіпорынның өндірістік процестері бойынша тәлімдерді, ережелерді, нұсқауларды, көрсеткіштерді және басқа да нормативтік-өкімдік құжаттарды білуі</p>

«Тау-кен ісі» кәсіби
стандартына 5-қосымша

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

ҚР МЖ 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші		
Базалық топ	2147. Тау-кен инженерлері және металлургтер; 3117 Өндіруші және металлургия салаларындағы техникалар; 3119 басқа да топтарға кірмеген физикалық және инженерлік қызмет бағыттарының техникалары	
Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА)		
БТБА шығарылымы, бөлімі		
БТБА бойынша кәсіп		
ҰБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар	

2-кесте. Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсіптер бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары	Тау-кен байыту комбинаттары, байыту фабрикалары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысына сәйкес өте зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар кәсіптердің №1 тізіміне кіреді	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	<p>ҚР ТЖМ-ның 2008 жылғы 29 желтоқсандағы №219 бұйрығына сәйкес:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кіріспе нұсқама – жұмысқа қабылдау, басқа кәсіп бойынша жұмысқа ауысу кезінде; - кезектен тыс – жұмыс технологияларын өзгерту кезінде, жұмыстың басқа учаскесіне ауыстыру кезінде, жұмыстарды қауіпсіз орындау қағидаларының бұзылуы кезінде – өндірістік бақылау тұлғасының немесе Мемлекеттік инспекторының талабы бойынша; - кезеңділігі – жартыжылда бір рет. 	
ҰБШ біліктілік деңгейі	Кәсіби білім беру және оқыту деңгейі	Талап етілетін жұмыс тәжірибесі
4	Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіптік беру (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе.	3 деңгейге 1 жыл
5	Техникалық және кәсіптік білім беру (орта буын маманы), орта білім беруден кейінгі білім беру, практикалық тәжірибе, немесе жоғары білім беру.	4 деңгейде 1 жыл
6	Жоғары білім беру, практикалық тәжірибе.	5 деңгейде 2 жыл

7	Жоғары білім беру, практикалық тәжірибе. Жоғары білім беруден кейінгі білім беру, практикалық тәжірибе.	6 деңгейде 2 жыл
---	---	------------------

3-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің тізбесі (кәсіптердің еңбек функциялары)

№ еңбек функциялары	Еңбек функцияларының атауы (кәсіби стандарт бірліктері)
1	Жұмыс орындарын және тау-кен жұмыстарын жүргізуге тексеру және дайындау
2	Пайдалы қазбалар кенорындарын әзірлеу және тау-кен кәсіпорындарын (кеніштер, шахталар, ГОК) салу жобаларын дайындау, тау-кен жұмыстары өндірісін жоспарлау, тау-кен жұмыстарын, оның ішінде тау-кен және бұрғылау-жару жұмыстарын техникалық басшылық, сондай-ақ жабдықтар мен тау-кен өндірісінің техникалық, оның ішінде вентиляциялық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыстармен техникалық-технологиялық қамтамасыз ету. Тау-кен өндірісі үшін конструкцияларды, құралдар мен механизмдерді әзірлеу.
3	Бұрғылау, тау-кен және бұрғылау-жару жұмыстары бойынша техникалық құжаттаманы (паспорт пен ГТН ұңғымалар, тау-кен қазбаларын және т.б.) жүргізу. Тау-кен машиналары және кешендері бойынша конструкторлық құжаттаманы қалыптастыру және жүргізу

4-кесте. Кәсіби стандарт бірліктерінің сипаттамасы (функциональдық карта)

№ еңбек функциялары	Еңбек нысанасы	Еңбек құралы	Міндеттер (еңбек іс-қимылы)
1	Тау-кен кәсіпорнының өндірістік учаскелері	Алынған өндірістік тапсырмалар, тау-кен жұмыстарының технологиясы	1-1) Өндірістік тапсырмаларды учаскенің бригадаларға және жұмысшыларға жеткізеді, ауысым тапсырмаларын бригада мүшелеріне және ауысым жұмысшыларына беруді және бөлуді жүргізеді.
	Өндірістік учаскенің персоналы	Тау-кен өндірісінің ЕҚЖҚТ, ӨК, ӨС, ҚОҚ және ӨҚА бойынша қағидалар мен нұсқаулар	1-2) Жұмысшыларға өндірістік нұсқау беруді жүзеге асырады. ЕҚЖҚТ, ҚО қағидаларын, жабдықтарды және құралдарды техникалық пайдалануға беру, сондай-ақ олардың сақталуын бақылау жөніндегі іс-шараларды жүргізеді.

	Тау-кен өндірісінің материалдары, керек-жарақтары, техникалары мен жабдықтары	Тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде материалдарды, керек-жарақтарды, техникалар мен жабдықтарды дайындау қағидалары мен нұсқаулары	1-3) Тау-кен жұмыстарын жүргізуге алынған тапсырмаға сәйкес материалдарды, керек-жарақтарды, техникалар мен жабдықтарды дайындау процесін ұйымдастыру және басқару. Бригадаларды (олардың сандық, кәсіби және біліктілік құрамын) қалыптастыруды жүзеге асырады, олардың қызметін үйлестіреді.
	Жұмыс ауданы бойынша тау-кендік ақпарат	Тау-кен жұмыстарының техникасы мен технологиясы	1-4) Тау-кен жұмыстарын жүргізу үшін материалдардың, керек-жарақтардың, техникалар мен жабдықтардың түрлері мен үлгілерін айқындау
		Пайдалы қазбалар кенорындарын игеру бойынша жобалық құжаттама	1-5) Алға қойған міндеттерді шешу үшін техникалар мен технологиялар кешенін таңдап алу
